

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**«Қазақстан -біздің жалғыз
ғана Отанымыз»**



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Қазақстан -біздің жалғыз ғана Отанымыз» атты қалалық өнер фестивалінің бағдарламасы.

- 1. «Мәңгілік ел» әні орындаушылар Асқар Ақынсара, Елдос Бағдаулет, Абылқасым Жұлдыз.**
- 2. «Шалқыма» би тобының орындауында «Шашу» биі**

I жүргізуші:

Сәлем бердім, халайық, қалың елім!
Өнер сүйер қауымға сәлем бердім!
Көтер көңіл, жалықпа осы кеште,
Өнерге толы керуенді ала келдім!

II жүргізуші:

Армысыздар, бұл кештің қонақтары!
Халқымыздың қашанда қонақ бағы.
Сәлем бердік тағы да алдарында
Мектебімнің өнерпаз саңлақтары.

I жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар, оқушылар бүгін мектебімізде өткелі жатқан «Қазақстан -біздің жалғыз ғана Отанымыз» атты қалалық өнер фестиваліне қош келдіңіздер!

II жүргізуші:

Бүгінгі кешіміздің қадірменді қонақтары, өнерпаздарымызға әділ баға беретін әділ -қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

I жүргізуші:

Әділ -қазылар алқасы:

1. Қалалық балалар және жасөспірімдер орталығының бұқаралық бөлімінің меңгерушісі Саметов Емен
- 2.

II жүргізуші:

Бүгінгі күн-мерекелік той күні,
Жарқын тілек жан көркейтсін бұл күні.
Қазағымның бар қасиеті көрініп,
Күй төгіліп, болсын қызық жыр күні

**Ортаға «Туған жер» әнімен Асқар Ақынсараны шақырамыз. Жетекшісі
Б.Шамшиева**

Поэзия

I жүргізуші:

Елімнің ақ мейірін айдын көрем,
Мен үшін жарқырай тұр, айқын әсем.
Ән - әуен тербетеді жүрегімді,
Өмір бойы жырымды айтып өтем.

**Әскер Ұлдананың орындауында « Бастау » термесі. Жетекшісі
Б.Шамшиева**

II жүргізуші:

Мың бұралып билеген
Аруды кім сүймеген.
Күміс көмей аруға
Кімдер басын имеген

**Ендеше, сахна төріне «Харизм» биімен Алиева Инараны шақырамыз.
Жетекшісі: Бұзау А.**

Көрініс

I жүргізуші:

Қабыл алшы өнерлерін баланың
Тілектері орындалсын ананың
Кең даламда шарықтасын әуені
Әнші жұлдыз жас өнерпаз дананың

**Сахна төріне «Туған ел» әнімен Елдос Бағдаулетті шақырамыз.
Жетекшісі: Б.Шамшиева**

II жүргізуші:

Далада думан қалада думан жыр бүгін,
Ғасырлар бойы аңсай да күткен бұл күнім,
Жасай бер, жаса, асқардан аса әрқашан,
Кеудеме әкеп қондырған бақыт жыр әнін- дей келе, «Біз Отанымыздың
ұланымыз» әнімен Абылқасым Жұлдызды шақырамыз. Жетекшісі:
Б.Шамшиева

Көркем сөз

I жүргізуші:

Мереке деп баршаға жар салайық,
Думандатып, би билеп ән салайық.
Бүгінгі қуанышқа шырай берген.

Өнерлі бишілерді қарсы алайық -дей отырып, **«Калинка» биімен «Аяла» би тобын шақырамыз. Жетекшісі: Бұзау А.**

II жүргізуші:

Бүгінгі күн-мерекелік той күні,
Жарқын тілек жан көркейтсін бұл күні.
Қазағымның бар қасиеті көрініп,
Күй төгіліп, болсын қызық жыр күні

Сахна төріне «Би» күйі Пірмахан Кәусарды шақырамыз. Жетекшісі: Б.Шамшиева

I жүргізуші:

Құлпырған еліміздің ұл- қызымыз
Әзірге үлпілдеген құндызымыз
Арасын жер мен көктің бағындырған
Ертеңгі жарқыраған жұлдызымыз - дей отырып, мектебіміздің ең кішкентай өнерпаздарын **«Медуза» биімен «Айгөлек» би тобын қарсы алайық.**

Жетекшісі: Бұзау А.

II жүргізуші:

Шақырады ойнасаң гүл-даламыз,
Туған жерден нәр алып нұрланамыз.
Болашаққа көк туымен желбіреген
Отанымның өнерлі жастары-біз боламыз!

Хор «Қазақстан қыран далам» Жетекшісі: Б.Шамшиева

I жүргізуші:

Бірге жүзген ән мен жыр кемесінде,
Қалсын мәңгі бұл думан ел есінде.
Сау болыңдар көрермен ағайындар,
Кездескенше ән мен жыр кемесінде.

II жүргізуші:

Осымен **«Қазақстан -біздің жалғыз ғана Отанымыз»** атты қалалық фестивалі өз мәресіне де келіп жетті. Келесі сөз әділ-қазылар алқасына беріледі.

I жүргізуші:

Сіздермен қоштаса отырып, өнерлі жас таланттарымызға өнердің биік шыңына қанат қағып, самғай беріңіздер деп тілейміз! Қош сау болыңыздар!

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы
«Қазақстан -біздің жалғыз ғана Отанымыз» атты өнер фестивалінің**

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, тарихын білуге тәрбиелеу.

Бүгін мектебімізде Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес жаңа Қазақстандағы жастардың оның ішінде оқушы жастардың руханиятын көтеру арқылы Отансүйгіштігі, адамгершілікке, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, тарихын білуге тәрбиелеу «Қазақстан - біздің жалғыз ғана Отанымыз» атты өнер фестивалы болып өтті. Аталған іс-шарада мектеп оқушыларының қол өнер бұйымдары мен суреттер көрмесі ұйымдастырылып, әртүрлі жанрдағы ән, би, күй және сахналық көріністері қазылар алқасының көңілінен шықты. Фестивальді төрелік еткен қалалық балалар және жасөспірімдер орталығының бұқаралық бөлімінің меңгерушісі Саметов Емен мырза оқушылардың өнерін жоғары бағалап, атап айтар болсақ мектебіміздің музыка жетекшісі Б.Шамшиеваның ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларынан (60 оқушы) құралған хор ұжымын, жанды дауыста ән шырқаған Асқар Ақынсараны, Ж.Әбілқасым және Б.Елдосты және керемет «Би» күйін орындаған Пірмахан Кәусарды, термені тамылжыта орындаған термеші Ұ.Аскер, атап өтті. А.Омарованың жетекшілігімен қойылған көрініс тақырыпқа сай кең көлемде заманауи бағытта құрылғанын атап айтты. Фестиваль жүргізушілерінің ішінде өзінің мәнерімен дикциясымен, дауыс ырғағымен ерекше көзге түскен 8 «А» сынып оқушысы Даулет Б. және де мың бұрала билеген 5-6 сынып, 1 сынып қыздарынан құралған «Аяла», «Шабыт», «Айгөлек» бишілер тобының жетекшісі А.Бұзауға алғысын білдіріп, көркем сөз оқыған оқушыларымыздың жетекшілері Г.Баумышева мен Г.Байгөбектерге ерекше алғысын білдірді. Облыстық «Жас сазбаз» байқауының жеңімпазы Елдос Бағдаулетті және жетекшісі Бақыткүл Шамшиеваны Алғыс хатпен марапаттады. Осы фестивальға арнайы ерекше костюм дайындаған еңбек пәнінің мұғалімі М.Асанова және мектеп басшысы Ж.Орынбаева апайларымызға алғысын білдірді. Қорытындылай келе іс-шараның жоғары деңгейде өтілуіне белсене атсалысқан ұстаздарымызға алғысымызды білдіреміз!



